

С. ЫСҚАҚҰЛЫ

ТАҢЖАРЫҚТЫҢ СУРЕТКЕРЛІГІ

Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушы, өйгілі ақын Таңжарық Жолдыұлы терең ойдын, жауынгерлік рухтың иесі болумен бірге нәзік сезімге, ажарлы арманға толы адам, сұлулыққа құштар жан болған. Оның ғажайып суреткерлігі адамды тамсандыратын, еліктіріп, елжірететін, тамылжыған тамаша табиғат лирикаларынан да көрініс табады.

Жазба әдебиет үлгісін тудыруда қазақтың классик ақындарынан мол тағылым алған, шеберлік қырларынан барынша үйренген Таңжарық Жолдыұлының табиғат көрінісін сипаттауында да Абай өлеңдерінің әсері мен Ілияс Жансүгіров ықпалы айқын байқалады. “Көктем мысалы”, “Жаз мысалы” өлеңдерінде Абайдың жылдың осы мезгілдері туралы жазған өлеңдерінің әсері байқалса, “Іле сипатында” І. Жансүгіровтің өйгілі “Жетісу суреттері” толғауымен ұқсастық бар. Абай өсерін, Ілияс ықпалын айтқанда, Таңжарықты жадағай көшіруші, жай еліктеуші деп түсінуге болмайды. Олардан суреткерлікті үйрене отырып, өзіндік теңеу, эпитет, метафора тауып қолдану арқылы табиғат көрінісін өзінше бейнелейді.

Қазақ халқы — табиғатпен егіз, етене халық. Сонау ықылым заманнан тартып сахараның сағым қуған салқын самалын еміп, таңғажайып табиғатына қызықтап, оның ішкі қыры мен сырына терең үңіле білген, көркемдікке барлау қабілеті бар халық. Кезінде М. Әуезовтің: “...Кең далада, еркін ауада сайран қылып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы”, — деп жазғанындай Қытайдағы қазақ әдебиетінде дала келбетін, тамаша табиғат көрінісін Абай үлгісінде суреткерлікпен сызған Таңжарық десек артық болмас. Рас, бай ауыз әдебиетімізде жер-суға арналған өлеңдер, табиғат суреттері баршылық. Таңжарық та осыдан нәр алған, бірақ сезім бояуы ұқсамайды.

Ақынның шебер суреткерлігі ол суреттеген мезгіл көріністерінен де байқалады. “Көктем мысалы” деген өлеңіндегі:

Қыс өтіп, күн жылынып, қызық жетіп,
Жерде қар, көкте суық — бәрі кетіп.
Аш тойып, кем жетіліп, жер жаңғырар,
Малға жай, жанға рахат уақыт жетіп...

Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды,
Табиғат жер жүзіне рахым етіп...,—

деген жолдарда Абайдың “Жазғытұры” өлеңінің мазмұнымен үндестігі, ұлы ақын дәстүрінен мол сусындап, барынша үлгі, өнеге сіңіргені айқын байқалады.

Ақын — табиғаттың тамыршысындай. Жыл мезгілдерінің өзіндік сыр-бояуларын бедерлі де бейнелі суреттейді. Бұндай мезгілдің дәл өзін бұлжытпай заңдылығымен бейнелейтін суреттер Таңжарық өлеңдерінің тұла бойынан табылып отырады. Өйткені ол — “өлеңдерінен образды ой туындатып, мезгілдің өзіне белгі боларлықтай элементтерді жанды игеріп, образдандыра білетін суреткер ақын” [1].

...Ел көшер таң қыландай дыбырласып,
Түнімен жатқан жандар қыбырласып.
Бозбала жылдам, жылпың, қызуланып,
Шешініп, жүк артысып, қимылдасып.
Шуласа қорада қой, сыртта сиыр,
Желіде айғыр, бие қыңылдасып.
Қалың көш үздік-создық жөнелгенде,
Қақтығып байлау-бақан дыңылдасып.
Ит үріп, бала жылап, өгіз тулап,
Жүк ауып, оны басып, сиыр қашып.
Бұрын кеп ақсақалдар қоныс шалып,
“Болсын,— деп, — жайлау жайлы!” ырымдасып...,—

деп төгіле жалғасқан тоқсан жолдан тұратын толғауда табиғат аясында отырған қазақ қоғамының көшпелі өміріне тән жазғы тіршілік әрекеті бейнеленген. Міне, бұлар — нағыз шынайы, таныс сурет, табиғи көрініс. Бұл өлеңде Абайдың “Жаз” өлеңімен сарындас болғанымен, мазмұны жағынан өзгеше құрылған. Абай өлеңінде жаздың бір сәті нақты көрсетіліп, шілде айы кезінде ауыл күркіреп жатқан өзен жағасына көшіп келіп қонған күндердегі көрініс суреттелсе, Таңжарық толғауында елдің көк майсалы жал, жотаны жайлап, бие байлағаны, саба-саба сары қымыз салырылып, самаурын қайнаған көріністер де, көшпелі өмірдің көш қызығы да, шөп шабу т.б. тіршілік қамының бар сипаты кең қамтыла суреттеледі. Өлеңді оқыған сайын көкірегіңде ғажайып бір сағыныш лебі есіп, сол бір қоңыр тұрмысқа еріксіз елегізе түсесің. Атқа мініп, сол қауымның ортасында ойқастап шауып жүргін немесе көк жайлаудың төсін өзілге бөлеген топқа барып қосыла кеткің келеді. Демек, ақын мейлі табиғат суреті болсын, мейлі малшы қауым-

ның тіршілік қимылы болсын, оны оқырман өз көздерімен көріп отырғандай деңгейде образды тілмен, психологиялық мінездеумен суреттейді. Осы тұрғыдан келгенде, белгілі ғалым З. Сейітжановтың: “Табиғаттың кінәратсыз, кіршіксіз шағы жайлауда отырған ауылдың тұрмыс-тіршілік, еңбек кәсібімен астасып жатады. Таңжарық өлеңдеріндегі ұлттық бояудың қанықтылығы оның суреткерлік қасиетін тағы бір қырынан танытады. Ақын табиғат аясында отырған елдің тірлік-тынысын, рухани өзгешеліктерін өз болмыс-бітімімен дәлме-дәл етіп, аса шеберлікпен өмірдің шынайы шындығы негізінде ажарлы да айшықты суреттейді” [2],— дегені біздің ойымызды бекіте түскендей.

“Таңжарық атамекеннің табиғатын суреттегенде алуан айшықты өрнектер табады... Атамекен табиғаты тіріліп, жанданып кетеді. Оған ән салдырады, сөз сөйлетеді, би билетеді. Оның келбетіне алтын зерден сұлулық дарытады. Оны оқығанда, жүрегің дір етпей тоқтай алмайды. Табиғаттың шыншылдығына, сыршылдығына жан дүниен елегізеді. Табиғат құшағына еріксіз ене жөнелесің. Оған құштарлығың, махаббатың артыла, арындай түседі” [3]. Ақынның “Жаздың бір күні” атты өлеңін оқып көрелік:

...Күн күліп барша өлемге шашты нұрын,
Кіргізіп табиғаттың қашқан сұрын.
Жағалай босағаны жымың қағып,
Күйеудей қайынына келген ұрын.
Шықпенен бетін жуып, жер түрленіп,
Күтінді қалыңдықтай күні бұрын.
Аңқытып жұпар исін түрлі гүлдер,
Салбырап шекесінде жасыл тұлым...

Бұл жолдарда ақын жаздың күміс күнін, яғни шығыстан енді ғана көтерілген күн шуағын қайынына ұрын келген күйеуге, жерді, яғни жер бетін күйеуін қарсы алуға дайындалған қалыңдыққа ұқсатады. Күн мен қара жердің байланысын адам өміріне шендестіріп, кейіптеуді өдемі қолдана отырып, адам баласының жан сезімі мен табиғаттың сезімін тоғыстырып жібереді. Адам мен табиғат арасынан бір үйлесім, байланысты аңғартады.

“Жаз таңы” атты өлеңінде:

...Сызылып таң белгісі машұрықтан,
Бозарып, ай, жұлдыздың өні қашқан.
Көрініп андағайлап ақбоз үйлер,
Қорадан сиыр өріп маң-маң басқан,—

деп малды ауылдың таңғы суретін осылай суреттей келіп, одан ары қарай таң нұрының түн түндігін түрген шақтағы таңғы табиғаттың жанды құбылысын оқырманның жан сезімін қытық-

тайтын тамаша образды суретпен, ерекше есте қалатын теңеулер арқылы алдыңызға орната қояды. Айды тұйғыннан қашқан аққуға, жұлдызды кірпігін анда-санда бір қағатын самарқау пендеге, шолпанды көрпесінен тұрудан ұялып жатқан арлы аруға балап, сезгір сезімталдықпен келісті теңеулер жасап, сөз айшығын мәнерлендіре жанарынды жалт қаратады. Осы өлеңнің соңында ақын:

Кезеңнен күн күлімдеп шыға келді,
Сұлудай бөркін біреу ала қашқан.
Күлкісі барша өлемді шаттандырып,
Таңырқап жан-жануар қамаласқан,—

дейді. Кезеңнен жай ғана көтерілген сұлу емес, біреу бөркін ала қашқан, қуа шыққан сүйкімді де қылықты қыз бейнесі, оның шат күлкісі неткен ғажап, нағыз жанды бейненің өзіндей елес береді. Осы өлеңді оқып отырғанда, өзіңіз де өлең ырғағымен бірге күннің күміс нұрына елітіп, жаз шуағына малынып, еріксіз жадырап балқып бара жатқаныңызды білесіз. Онымен қоса, адамзаттың жаз күніне болған, тіпті мынау барша тіршілік атаулының жаз күніне болған ғажайып ыстық махаббатын шын жүрегіңізден сезіне бастайсыз.

Таңжарықтың ауыл өмірі бейнеленген өлеңдерін оқысаңыз, дәл сол ауылдың өзінде жүргендей күйге кенелесіз. Мысалы, ақынның малды ауылдың жазғы тұрмысын бейнелеген мына шумақтарына назар аударайық:

...Қалың қой шықты бетке қаптай өріп,
Жылқышы жылқы амандап, қайтты көріп.
Астында ала өгізі, жанда торсық,
Барады қойшы қойдың соңына еріп.
Ала қап иығында, сыр айтысып,
Дөңде жүр келіншектер, тезек теріп.
Сүйсініп қатындардың сауғанына.
Сиырлар түр малжандап, бұтын керіп.
Жылаған бесіктегі жас баласын,
Жұбатты шешелері емшек беріп...

Міне, бұдан жаздың жайлы бір күнінің таңертеңгілігі көз алдыға келеді. Қазақ ауылының қалыпты тіршілігі — өгіз мініп, торсық байланып, қойын қаптата өргізіп бара жатқан қойшы, таң бозынан кетіп, жылқысын амандап қайта оралған жылқышы, сыр шертісе, тезек теріп дөңде жүрген келіншектер, күрпілдетіп сауғанына сүйсініп, бұтын керіп, малжандап тұрған сиырлар түгел дәл өзіңіз тіке көріп отырғандай көз алдыңыздан бірден шұбырып өтеді. Қазақ халқының жазғы тірлік-тынысы өлең түрінде осыдан артық жанды көрініспен бейнелене бермесе керек. Бұдан ақынның тұрмыс бояуын берудегі шеберлігінің қаншалық жоғары екенін біле аламыз.

Таңжарықтың қай өлеңін оқысаңыз да, көркем Іленің сұлу табиғаты мен мұңдалап тұрады. Ақын халықтың көңіл-күйін, қуанышы мен жұбанышын табиғаттың ішкі иірімдеріне сіңіре отырып, оны өзінің туған жерге, өскен елге деген терең сүйіспеншілігімен ұштастыра жырлайды.

Таңжарық жырлап отырған Іле шекаралас екі мемлекетке бөлініп қалғаны болмаса, бір аймақ, бір өлке екені белгілі. Таңжарық өлеңмен суретін салған Іле де – жер жанаты аталған Жетісудің бір бөлігі. Бір-біріне жалғасып жатқандықтан жер бедері де, табиғат көрінісі де бірдей болуы себепті екі ақынның суреттеуінде де ұқсастық, сабақтас-тық болуы заңды. Бұл жағынан Ілияс Жансүгіровтің табиғат лирикасымен үндестігі бар екеніне жарқын мысалдар көп. Алайда екі өлеңдегі ұқсастықты, үндестікті кейінгісі алдыңғысын қайталау емес, керісінше бір өлкені, ондағы табиғат көрінісін суреттеудегі жалғастық, бір-бірін толықтыру деп түсінуіміз керек. Қанша ұқсастық бар дегеннің өзінде сөз қолданыс, ұйқас түрі, бейнелеу тілі, суреттеу тәсілі жағынан Таңжарық өзіндік қолтаңбасын таныта білген. Оның өлеңдерінде табиғаттың көркем көрінісі соншалықты дәл, жарасымды, сәйкес бояулармен кестеленеді. Өздерінің туып-өскен балалық, жігіттік, азаматтық шақтарын өткізген, зары мен мұңы, күйініші мен сүйініші, қуаныштарының куәсі болған туған жер табиғаты екі ақынды да тебіrentпей, жүректерін тербемей қоймаған.

Ілияс Жансүгіров “Жетісу суреттерінде”:

Ыстық көл– жер айнасы мөлтілдейді,
Балқашты қамыс қамап желкілдейді.
Аттанған алты өзені Жетісудың
Балқашқа бауырымдап еңкілдейді,—

деп немесе

Қарқара қалың қазақ көбесіндей,
Албанның албырт-ерке енесіндей.
Қарағай қапталдағы, жыныс арша,
Қыдырлы малдың құтты келесіндей.
Текестің көкке өрлеген тік қиясы
Сымпыып сол маңайдың төресіндей.
Мың жылқы мышырая жантайысқан
Өзгесі жүгініскен төрешідей.
Былшықай, Бесжырғалан, Түптің түрі
Қатықтың жаланбаған тегешіндей.
Қарқара жарасымды жасыл жайлау
Үй – күлше, құрттың жайған өресіндей,—

деп Жетісу аймағына кіретін географиялық мекен, өзен мен көл, тау мен жота, шың мен қия, жайлау көрінісі, сыр-сипаты, өзіне тән ерекшелігі нақтылана суреттелсе, Таңжарық “Іле сипатында”:

Шетен түр қатарында былқ-сылқ етіп,
Байлардың жаңа өспірім мырзасындай.
Күбірлеп жапырақтар қылады өсек,
Бұлардың жайын білген сырласындай.

Немесе

Түнжырап түсі суық ұшпа тастар,
Шапаны— арша болып, жалбыр астар...
Итмұрын итиіп түр сөз аша алмай,
Өмірі қапалықтан көз аша алмай,—

деген тәрізді орман ағаштарын, тау-тасты, өсімдік әлемін адам келбетіне келтіре, жан бітіре бейнелейді. Ілияс та, Таңжарық та өздерінің кіндік қандары тамған өлкенің тау-даласын, өзен-көлін, орман-тоғайын, тас қиясы мен майсалы жазығын, жер бедерін, жабайы аң мен жан-жануар әлемін ерекше сезіммен жырлайды. Ондағы өсімдік дүниесін, қарағай мен қайыңның, тобылғы мен тораңғының, шетен мен шеңгелдің, арша мен ырғайдың, итмұрын мен қарақаттың, рауғаш пен таңқурайдың, бүлдірген мен жауқазынның табиғат аясында өскен халықтың өкілі ғана жіті аңғара алатын қасиеттерін аша, сұлулыққа толы табиғат ананың мейірбан кейпін, көркем көрінісін жасай білген.

Ілені көрмеген оқырман ерен суреткерлікпен жазылған “Іле сипатын” оқығанда, гүлге оранған Іленің көркем табиғатына танданбай, тамсанбай, тәнті болмай тұра алмайды, бейне Іле аңғарына барып қайтқандай сезімге кенеледі. Демек, бұл өлеңді Іленің поэтика тілімен салынған географиялық картасы десек те болғандай. Поэзия тілімен осындай жанды да жалынды сурет салу тек Таңжарықтың қаламына тән. Ендеше өлең шумақтарына зер салып көрейік.

Іленің тауы биік, ені жалпақ,
Жамылған жасыл көрпе, баста ақ қалпақ.
Жіберіп екі бұтын екі жаққа,
Көсіліп жатыр жайға, кеуде шалпақ.

Мұнда ақын екі жағы екі үлкен тау тізбеле-рімен қоршалған Іленің табиғи көрінісін суреттеп, етегі көкорай шалғын, қалың орманмен көмкеріліп тұрған, басын мәңгі қарлар мен мұз қаптаған Төңіртауының айшықты образын жасайды. Жансыз табиғатқа адамға лайық қимыл-қозғалыс бере психологиялық кейіптеу тәсілін қолданады. Бірде жасыл көрпе жамылып, ақ қалпақ киіп, аяғын еркін көсіліп, кең кеудесін шалпақ ашып жатқан қазақ жігітіне баласа, енді бірде:

Жамылған түлкі ішігін бөйбішедей,
Шынтақтап жатыр көлбеп, төсін ашып.
Қалқайған қасындағы қара шоқы,
Отырған баласындай етін қасып, —

деп түлкі ішігін жамылып, шынтақтап жатқан немесе немерелерін айналасына жиып алып, арқасын қасытып, соны рахат көріп, үрім-бұтағын мақтаншы сезініп, шүкірлік етіп, ауылға ұйытқы болып отырған мейірімді анаға теңейді. Бұл суреттеуден ақынның туған жерге деген терең сүйіспеншілігі, сағынышы мен ыстық ықылас-ты лебі аңқып тұр, келесі жолдарда кескіндеу, қимыл-әрекет, сезім қуаты басым:

Жартаста жалбыраған жапырақтар,
Жалаудай жалпылдайды қойған асып.
Сылық етіп, сүзе қарап, күлімсіреп,
“Қылық-қылық” деп суы жатыр жылжып басып.
Шым батып, шымыр қағып, шыр айналып,
Көбігін езуінен шетке шашып...

Міне, бұл — сөзбен салған сурет. Бүк басқан ну орманды жартастарда жалаудай жалпылдап тұрған жапырақтар, тау баурайында сынаптай сырғып жатқан мөлдір бұлақтар, ондағы топ-тобымен серуендеп асыр салып жүрген балықтар қатарлы үлкенді-кішілі детальдер осы ортаға төн тамаша жарасымдылық пен үйлесім ақынның жүйрік қаламынан қағыс қалмаған. Әрі әдемі келісім тауып бейнеленген. Мұндай жасыл пүліш, жұпар гүлдерге бөленген айнакөл, асау өзенді мекенге адам ғана емес, алуан түрлі жануарлар да тандап келіп тұрақтап, өсіп-өркендеп, өз алдына бір көрік қосатындығы табиғи. Ақын енді бір кезекте құстар дүниесін суреттеп:

Мамырлап жағасында аққу мен қаз,
Жақтырмай жақындасаң қыңқылдасып.
Балпандап үйрек пенен сары ала қаз,
Ұрысқан кемпір-шалдай мыңқылдасып.
Таранып қанаттарын қарабайлар,
Күрсініп, науқас шалдай ыңқылдасып.

Әскердей мәрш ойнаған сап-сап болып,
Көкқұтан, тырна көлде сыңқылдасып...

— дейді.

Бұдан көрікті табиғатқа адам емес, жан-жануардың да бауыр басып, өзгеге кимастай терең махаббат орнататындығын байқаймыз. Іле өзені және оның тармақтары бойында тек аққу мен қаз ғана емес, үйрек, сары ала қаз, қарабай, көкқұтан, тырна... қатарлы көп түрлі құстар өр алуан дыбыспен бірі шал-кемпірше сөйлескендей, бірі науқас адамдай ыңқылдап, неше қилы өуендермен өз алдына бір дүние болып үндестік тауып көрсетіледі. Бұндай табиғи сұлулық төрт тұрманы сай Іле сияқты мекендерде болады. Кез келген жерде бола бермейді. Ақын осыны мақтаншыпен жыр етеді.

Демек, “Іле сипатында” Іленің бүкіл жер түзілісін, табиғатын, байлық қайнарын жағрафиялық картаға ұқсас көз алдына жайып салады. Көрініс пен көңіл-күй нақты қабысқан, кейіптеу мен тенеу орынды қолданылған, психологиялық мінез бен қимыл-әрекет әдемі астасқан табиғат лирикасын тудырған.

Таңжарық — нені суреттесе де, жеріне жеткізіп, жан дүниені күшті ықпал етерліктей, айрықша талғампаздықпен, табиғи әрі образды етіп бейнелейтін суреткер ақын.

ӘДЕБИЕТ

1. Тоқтаубайұлы М. Ақын Таңжарық өлеңдеріндегі суреткерлік өнер // Іле педагогикалық институты ғылыми журналы. Құлжа, 1991. № 2. 40-б.
2. Сейітжанов З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті, 1999. 74-б.
3. Егеубаев О. Таңжарықтану. Күйтің: Іле халық баспасы, 2002. 2-том. 178-б.